

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

ЖАЛПЫ ДАМУДЫҢ ПӘНДІК МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МҰҒАЛІМДЕРІН
ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
МӘЖІЛІСІНІҢ № 4 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

25.05.2025 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – аға оқытушы М.Н.Шаханбаев, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы А.И.Алтынбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі аға оқытушы Е.Б.Мамбетаев, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының меңгерушісі, ҚР Мәдениет саласының үздігі Д.Н.Елжанов, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының оқытушысы Г.Қасымбекова, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасы, п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Ж.А.Қасымбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – АК мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы Б.А.Ахмедов, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, подполковник С.Т.Мамбеталиев.

Күн тәртібінде:

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау;
2. «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізу;
3. Академиялық комитеттің жылдық есебін талқылау және бекітуге ұсыну;
4. Сәуір-маусым айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

1-мәселе бойынша АК төрағасы, аға оқытушы М.Шаханбаев сөз алып: Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларының маңыздылығын ерекше атап өтті. Бұл процедуралар білім беру бағдарламаларының сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Университеттің ішкі сапа жүйесімен тығыз байланыста жүзеге асырылатын сыртқы сапа бақылау механизмдері тәуелсіз аккредиттеу агенттіктерімен, атап айтқанда, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) арқылы жүргізіледі. Оның айтуынша, сапаны сырттан қамтамасыз ету жүйелі және жоспарлы түрде жүзеге асырылуы тиіс, сонымен бірге әрбір бөлімнің өзіне жүктелген міндеттері нақты айқындалуы керек. Сондай-ақ, ол осы процестердің нәтижелі болуы үшін барлық факультет пен кафедра қызметкерлерінің белсенді қатысуы қажет екенін атап өтті.


Сапа көрсеткіштерінің нәтижелерін талдау бойынша аға оқытушы, подполковник С.Т.Мамбеталиевке сөз берілді: Өткен оқу жылындағы постмониторинг нәтижелеріне тоқталды, талдау барысында білім беру бағдарламасының орындалу деңгейі, студенттердің оқу жетістіктері, олардың практикадан өту барысы және оқытушылар құрамының кәсіби дайындығы қарастырылғанын айтты. Нәтижесінде, білім беру сапасын арттыру үшін келесі маңызды бағыттарға ерекше назар аудару қажеттігі анықталды: студенттердің оқу тәжірибесін жетілдіру және практикаға бағыттау, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттыру, білім алушылардың пікірін жинақтап, оларды оқу үрдісіне тиімді енгізу. Ол білім беру сапасын арттыру — бұл үздіксіз және жан-жақты үрдіс екенін атап, барлық ұсыныстар жүйелі түрде енгізілуі тиіс деді.

Сапаның сыртқы қамтамасыз ету бойынша есеп дайындау жұмыстары туралы Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі PhD, аға оқытушы А.И.Алтынбековке сөз берілді: Аккредиттеу мен постмониторинг бойынша есепті дайындаудың маңыздылығын түсіндірді. Ол есептің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптардың қатаң сақталуы керек екенін, бұл құжаттың сапаны дәлелдейтін маңызды ресми құжат екенін айтты. Есепті дайындау барысында постмониторинг нәтижелері, академиялық мазмұнның өзектілігі, білім алушылардың жетістіктері, оқытушылар құрамы, материалдық-техникалық база, сондай-ақ білім беру үдерісінің ұйымдастырылуы жан-жақты қарастырылуы тиіс. Осы мақсатта арнайы жұмыс тобы құрылып, нақты мерзімдер белгіленуі қажет деп шешілді. Бұл топ есептің сапалы әрі уақытылы дайындалуына жауапты болады.

Ак мүшесі, аға оқытушы Г. Қасымбекова: Құрметті АК мүшелері сәуір, мамыр, маусым айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды деп есептеуге болады. Оның ішінде сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедуралары ұйымдастырылып, нәтижелері талданды, есеп дайындалды, «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізілді. Жоспар бойынша жұмыстар өз деңгейінде орындалып жатқандығын айтқым келеді.


Шешім: Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастырылып, нәтижелері талданды, есеп дайындалды. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы талданды. Сәуір-маусым айларында атқарылған іс-шаралар қабылдансын.

АК төрағасы:



М.Н.Шаханбаев

Хатшы:



Г. Қасымбекова